

## **2008 жылғы 1 қазандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2008 жылғы 1 қазанда республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2008 жылғы қыркүйек айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикалық қамтылған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны үнемі өсіп келеді.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны 1 376,99 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 486 211 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар - қыркүйек айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 262 499 (2,85%)-ға өсті, оның ішінде қыркүйекте – 39 889 (0,42%).

2008 жылғы 1 қазанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,50%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,87%, «ҰларҮміт» – 14,62% және «БТА Қазақстан» - 10,08 % немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 72,08% келеді. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында 4 қор бойынша үлес алдыңғы есепті айлармен салыстырғанда 0,03 пайыздық тармаққа төмендеген.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны ағымдағы жылдың қыркүйек айында 68 (0,16%) өсіп, 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 941,5 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 41 542 болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар барлық қорда болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны ағымдағы жылдың қаңтар – қыркүйек айларында 171 (4,44%) өсіп, 2008 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 59,1 млн. теңгемен 4 019 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

2008 жылғы 1 қазанда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1382,0 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 274,5 млрд. теңгеге (24,78%)-ға ұлғайған. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,3 млрд. теңгеге азайды немесе осы жылдың тамыз айында қалыптасқан өсімімен салыстырғанда 10,2 млрд. теңгеге кем.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі қыркүйек айында 23,2 млрд. теңгеге (2,13%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 қазанда 1 108,6 млрд. теңге болды. 2007 жылғы қаңтар - қыркүйек айларында зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 18,1

млрд.теңге болғанда, ағымдағы жылғы қаңтар – қыркүйек айларында олар тиісінше 21,8 млрд. теңге болды немесе 20.44%-ға өсті.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар мен алушылардың шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) ағымдағы жылдың қыркүйек айында 22,9 млрд. теңгеге (6,35%) кеміп, 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 338,0 млрд. теңгені құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы қаңтар – қыркүйек айларында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	(млрд. теңге)			
	1.01.2008ж.	1.10.2008ж.	Өсім сомасы	Өсудің қарқыны, (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	1 208,1	1 382,0	173,9	14,39
Зейнетақы жарналар	912,1	1 108,6	196,5	21,54
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	338,0	- 1,3	- 0,38
Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,09%	24,46%	-	3,63 пайыздық тармақ (төмендету)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы ағымдағы жылдың қаңтар - қыркүйек айларында 173,9 млрд.теңгені құрады немесе жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 19,3 млрд. теңге болды, ал өткен жылдың тиісті кезеңінде 21,9 млрд. теңгені құраған немесе төмендеуі 11,9% болған.

2008 жылғы 1 қазанда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 397,9 млрд. теңге (28,79), «МЖЗҚ» – 233,3 млрд. теңге (16,88%), «ҰларҮміт» - 215,9 млрд.теңге (15,62%) және «БТА Қазақстан» - 116,1 млрд.теңге (12,02%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 73,31% келеді. Есепті кезеңде үлес 0,27 пайыздық тармаққа кеміді.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны мен аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударуды жүзеге

асырмағаны үшін өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 8,9 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 1,14%-ға өскен.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 85,2 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда 1,9 млрд. теңгеге (2,28%) өскен. 2007 жылдың тиісті кезеңінде зейнетақы төлемдері 11,3 млрд. теңгеге немесе 2 есе көп жүзеге асырылған кезде 2008 жылғы қаңтар – қыркүйекте қорлар алушыларға жалпы сомасы 22,1 млрд. теңге болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

2008 жылғы қаңтар – қыркүйекте зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 212 алушыға жалпы сомасы 201,7 млн. теңгеге жүзеге асырылды. Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражаты аудармасының жалпы сомасы сақтандыру ұйымының зейнетақы аннуитетінің шартына сәйкес 2008 жылғы 1 қазанда 346,4 млн. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару қыркүйек айында 8,5 млрд. теңгеге (3,03%) өсіп, 289,4 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 79,6 млрд. теңгеге немесе 37,94%-ға өскен.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың қыркүйек айында 3,6 млрд. теңгеге немесе 0,26%-ға ұлғайып, 1 377,8 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 қазаннан бастап 2008 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 22,5 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



## Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ/	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	% - бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	398 176	28,90
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	232 863	16,90
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	211 114	15,32
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	21 749	1,58
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	234 098	16,99
«БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	166 086	12,05
АО «ООИУПА «GRANTUM Asset Management» («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	79 720	5,79
«ГРАНТУМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	79 720	5,79
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	48 187	3,50
«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	44 963	3,26
АО «Накопительный пенсионный фонд «Нефтегаз – ДЕМ»		
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» («АТФ Банк» АҚ ЕҰ) АҚ	38 815	2,82
«Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры» («Еуразиялық банк» АҚ ЕҰ) АҚ	36 305	2,63
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ, «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	34 111	2,48
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	34 111	2,48
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ	29 808	2,16
«Қазақмыс Жинақтаушы зейнетақы Қоры» АҚ	27 971	2,03
«RESMI Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	6 703	0,49
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	6 703	0,49
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 377 806</b>	<b>100</b>

2008 жылғы 1 қазанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың қыркүйек айында 20,1 млрд. теңгеге немесе 1,47%-ға ұлғайып, 1 350,4 млрд. теңге болды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.10.2008ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>360 520</b>	<b>26,69</b>
ҚР еурооблигациялары		0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	300 339	22,24
Ұлттық Банктің ноттары	60 181	4,45
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>167 672</b>	<b>12,42</b>
акциялар	55 468	4,11
облигациялар	112 204	8,31
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>		<b>0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>32 345</b>	<b>2,40</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>17 778</b>	<b>1,31</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>593 586</b>	<b>43,96</b>
акциялар	150 962	11,18
облигациялар, оның ішінде:	442 624	32,78
шетел валютасына номинирленген	3 212	0,24
теңгеге номинирленген	439 412	32,54
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>171 358</b>	<b>12,69</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, инвестициялық портфельде ең көп үлесті Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, олардың жалпы үлесі 70,7% құрайды.

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2003 жылғы қыркүйек - 2008 жылғы қыркүйек кезеңіне - 42,19%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 37,48% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 65,73%);


- 2005 жылғы қыркүйек – 2008 жылғы қыркүйек кезеңіне - 28,41% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 42,61%);

- 2007 жылғы қыркүйек – 2008 жылғы қыркүйек кезеңіне - 5,01% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 18,20%).

Ағымдағы жылдың 1 қазан айында жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті 60 айда 3,71 пайыздық тармаққа төмендеді;
- номиналды кіріс коэффициенті 36 айда 2,30 пайыздық тармаққа төмендеді;
- номиналды кіріс коэффициенті 12 айда 1,57 пайыздық тармаққа төмендеді;

Қорларды зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 29,7 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 11,3 млрд. теңге немесе

жиынтық капиталдың көлемінен - 38,05%. 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 41,3 млрд. теңге немесе ағымдағы жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда активтер сомасы 1,9 млрд. теңгеге (4,82%) ұлғайған.

2008 жылғы қаңтар – қыркүйекте 14 қордың ішінде 10 қор жалпы сомасы 3,7 млрд. теңге пайда тапты (табыс салығын төлегеннен кейін) және 4 қор («ҰларҮміт», «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Қазақстан Халық Банкі» және «Республика») жалпы сомасы 5,5 млрд. теңге зиян шекті. Ағымдағы жылғы қаңтар - қыркүйекте жалпы қорлар бойынша жалпы сомасы 1,7 млрд. теңге шығын жіберілген.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 31,6 млрд. теңгені құрады немесе қорлардың жиынтық активтерінің 76,51% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен мемлекеттік бағалы қағаздарға - 42,89%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын 33,48%, халықаралық қаржы ұйымдарын бағалы қағаздарына – 0,31%, «Кері РЕПО» операцияларына - 10,88% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 9,3%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын – 3,01%, сондай-ақ, инвестициялық қорлардың пайларына - 0,12% орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.10.08
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	9,18
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	7,37
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,25
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,20